

ЖЭК объектілерінен электр энергиясын Бірыңғай сатып алушы («ЖЭК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС) ЖЭК пайдалану объектілері өндірген және олар Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесіне жеткізген электр энергиясын жыл сайын өткізілетін индекстеуді ескере отырып, өткізілген аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған аукциондық бағалар бойынша сатып алуға міндеттенеді.

ЖЭК қолдау туралы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, аукцион бағасы - ЖЭК пайдалану объектісі өндіретін, аукциондық сауда-саттық қорытындылары бойынша айқындалған және тиісті шекті аукциондық баға деңгейінен аспайтын электр энергиясын «ЖЭК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС сатып алу бағасы.

Шекті аукциондық баға - электр энергиясының аукциондық бағасының ең жоғары шамасы. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 30 қаңтардағы № 33 бұйрығымен ЖЭК пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясының шекті аукциондық бағасы бекітілді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы №271 қаулысымен бекітілген тіркелген тарифтер мен аукциондық бағаларды айқындау қағидаларының ережелеріне сәйкес, «ЖЭК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС жыл сайын аукциондық бағаларды индекстеуді жүргізеді. Аукциондық бағалар электр энергиясын өндірудің екінші жылынан бастап жыл сайынғы индекстеуге жатады: Айырбасталатын валюталарға ұлттық валюта бағамының өзгеруіне 70% және тұтыну бағаларының индексіне 30%.

2025 жылға арналған аукциондық сауда-саттық үшін шекті аукциондық бағалар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 12 маусымдағы № 645 қаулысымен бекітілген тіркелген тарифтер деңгейінде айқындалды.

Кейінгі аукциондық сауда саттықтар үшін шекті аукциондық бағалар алдыңғы аукциондық сауда саттықтардың қорытындылары бойынша жеңімпаздың ең жоғары бағасы бойынша айқындалады.

2025 жылға арналған шекті аукциондық бағалар кестеде келтірілген:



Егер Сізде аукциондық бағаларды индекстеу тәртібі бойынша сұрақтарыңыз болса, сізден «ЖЭК жөніндегі ҚЕАО» ЖШС әріптесімізге хабарласуыңызды сұраймыз - Ахметова Замира (7172) 690-106; Усенов Руфат - +7 777 651 17 12.